

"Металлист" Орал зауыты" акционерлік қоғамына өнім әкелуге рұқсат беру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 11 тамыздағы N 762 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 тамыздағы N 778 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.28 N 778 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 Р971037_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Металлист" Орал зауыты" акционерлік қоғамына (Орал қаласы) "Промэкспорт" федералды мемлекеттік бірегей кәсіпорнымен (Мәскеу қаласы) 1998 жылғы 15 сәуірдегі жасалған N 643/07513046/81033-09-398 келісім-шартқа с ә й к е с :

Б-32 оғымен (индекс 57-БЗ-542) - 5 000 000

БЗТ-44 оғымен (индекс 57-БЗТ-542)- 1 000 000

6 млн. дана 12,7 калибрлі патрондар (СЭҚ ТН коды 9306.30.100) әкелуге р ұ қ с а т е т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі "Металлист" Орал зауыты" акционерлік қоғамына (Орал қаласы) көрсетілген өнімнің импортына лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті өнімнің әкелуіне бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі